



Бекітемін
Балабақша директоры
Р Игенбекова

24.06.2021 г.

МКҚК «Нұрсая» бөбекжай -балабақшасының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Р/с	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы . Күн тәртібінде 1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту 2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті 3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті	Тамыз 2021 жыл	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы . Күн тәртібінде 1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2 Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика 3 Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті	Қараша 2021 жыл	Хаттама
3	«Педагог дауысы» ашық брефинг кездесу	Желтоқсан , 2021 жыл	Хаттама, кездесу анықтамасы
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы . Күн тәртібінде 1 Педагогтардың құқықтары 2 Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары 3 Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау	Қаңтар, 2022	хаттама
5	«Құқықтық сауаттылық» күні		анықтама
6	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы . Күн тәртібінде 1 Педагог бейнесі 2 Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары 3 Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары	Наурыз 2022	хаттама
	Педагогикалық әдеп кеңесінің №5 отырысы . Күн тәртібінде 1 Педагог пен ата-ананың қарым-қатынас әдебі 2 Педагогтың тәрбиеленушіге қарым-қатынасы 3 Уақытты тиімді пайдалану жөнінде	Мамыр 2022жыл	хаттама

ПӘЖК хатшысы М Сербаева

**«Нұрсая» бөбекжай балабақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

БҰЙРЫҚ № 03

Алғабас ауылы

«10» наурыз 2021 ж.

Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің құрамын бекіту туралы

«Білім туралы» 27.07.2007 ж. ҚР Заңының 5-бабының 34-1) тармақшасына, «Педагог мәртебесі туралы» 27.12.2019 ж. ҚР Заңының 5-бабының 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағына, «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 11.05.2020 ж. № 190 бұйрығына сәйкес, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті сайлау туралы педагогикалық кеңестің шешімі негізінде (хаттаманың нөмірі мен күнін көрсету)

БҰЙЫРАМЫН:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес мынадай құрамда бекітілсін:

1) Төрайымы – Бахатаева Шынар Бекжасаровна балабақша тәрбиешісі.

Кеңес мүшелері:

2) Сейдалимова Нұргүл Кеңесбековна, Майбұлақ жалпы орта мектебінің мұғалімі кеңес төрайым орынбасары.

3) Әмзеева Сұңқар Бәйдібек аудандық кәсіп одақ төрайымы, Бәйдібек ауданының құрметті азаматшасы кеңес мүшесі.

4) Қылшынбетова Мадина Нақыпқызы, зейнеткер ұстаз кеңес мүшесі

5) Аханбаева Гүлнар Жақсылыққызы, Майбұлақ жалпы орта мектебінің оқу тәрбие ісінің орынбасары кеңес мүшесі.

6) Алтынбекова Айша, МЖОМ ұстазы зейнеткер кеңес мүшесі

Кеңес хатшысы: Сербаева Мақпал Хурақбаевна, балабақша тәрбиешісі.

2. Педагогикалық әдеп ережелері, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметі туралы ақпарат «Нұрсая» бөбекжай балабақшасы МКҚК ресми сайтында орналастырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бұйрықпен таныстым:

Кеңес төрайымы:

Төрайым орынбасары :

Мүшелері:

Хатшы:

_____ /
_____ /
_____ /
_____ /
_____ /
_____ /

Бахатаева. Шынар

Сейдалимова .Нұргүл

Әмзеева. Сұңқар

Қылшынбетова. М

Аханбаева. Гүлнар

Алтынбекова Айша

Сербаева Мақпал

Балабақша директоры:

Р.Игенбекова



**МКҚК «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасының 2021-2022 оқу жылындағы
педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: 27.08.2021ж

Мақсаты: Педагогтардың мәдениетін көтеру

Төрайымы: Ш.Бахатаева

Хатшысы: М.Сербаева

Қатысқандар саны: 15

Б/б директоры: Р.Игенбекова

Әдіскер: А.Егембердиева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту
2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті

1.Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрайымы Ш.Бахатаева сөз алды. Ол барлық педагогтарды басталғалы тұрған жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылында педагогтарға жабысты еңбек тілейтінін жеткізді. Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады. Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы. Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады. Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру

ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

2.Тыңдалды:Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша, пед әдеп жөніндегі кеңес мүшесі Аханбаева Гүлнар Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті жөнінде айтып өтті. Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр балаға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы –ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, балалар педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Педагогтің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды. Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді. Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға топқа басқа адам кіріп келгенде педагогке орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Бөбекжай ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады .

Сөз алды:Пед әдеп жөніндегі кеңес мүшесі Алтынбекова Айша тәрбиешінің сыртқы келбетімен ішкі жан дүниесі мейлінше сәйкес болуы керек. Тәрбиешінің бойында болатын маңызды сапалары: ақылдылығы, қайырымдылығы, мәдениеттілігі, білімділігі, кәсіби шеберлігі, балаларға деген сүйіспеншілігі,тәртіптілігі,шығармашылық қабілеттілігі, белсенділігі, жан жақты қызығушылығы , ұйымдастырушылық қабілеті, бір нәрсемен шұғылдану, зиялылығы, әзіл-қалжыңға бейімділігі, басқаны тыңдай білуі, талдау жасай білу қабілеті, еңбексүйгіштігі, мейрімділігі, әділдігі, ашықтығы, шыншылдығы, әділеттілігі, әдептілігі, жақсылық жасай білуі.

3. Тыңдалды:Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша Пед әдеп жөніндегі кеңес төрайымы Ш Бахатаева Педагог ата-аналармен, балалармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті. Чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Ұстаз этикасы – педагог пен бала, ата-ана мен педагог арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, педагогтер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы пектепке дейінгі ұйымдарды, мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Шешім: ШЕШІМ:

1. Педагогтардың өз әрекеттері үшін жауапкершілігін арттыру.
2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.
3. Педагогтермен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңгелек үстелдер өткізілсін.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрайымы:  Ш Бахатаева

Хатшы:  М Сербаева

**МККК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оқу жылындағы
педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: 19.11.2021ж

Мақсаты: Педагогтардың этика нормаларын сақтау мәдениетін көтеру

Төрайымы: Ш Бахатаева

Хатшысы: М Сербаетова

Қатысқандар саны: 13

Б/б директоры: Р.Игенбекова

Әдіскер : А.Егембердиева

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1, Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этика нормаларды сақтау.
- 2 Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика
- 3 Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті

1.Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрайымы Ш Бахатаева сөз алды. Ұстаз – балабақша тұтқасы. Сондықтан ұстаздар қандай кездеде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірңді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту қажет. Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

Сөз алды: Пед әдеп жөніндегі кеңес мүшесі М Қылшынбетова расымен де қазіргі таңда түрлі әлеуметтік желілерде этика нормалары сақталмайды. Бірін-бірі қаралап жатқан халықты көріп налим. Әрбір жазар сөзінді саралап, ойлап барып айту керек. Педагогика саласы қателікті кешірмейді. Біз қоғамның тәрбиелеуші тұлғалары болғандықтан, әрбір ісімізге әрбір сөзімізге жауап беруіміз керек- деп бекітті сөзін.

2.Тыңдалды:Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша, пед әдеп жөніндегі кеңес мүшесі Н. Сейдалимова Педагогикалық әдеп – педагог әрбір нақты жағдайда балаларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке балалар жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады. Педагогикалық әдеп жағымды жақтан ғана қаралады. “Педагогикалық әдебі нашар” қайырымдылығы нашар, сыпайылығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар, т.б. деумен бірдей. Ал педагогикалық тактиканың тым күрделі – аса жақсыдан жаманға дейін, мейлінше жетілгендіктен қарадүрсінділікке тұқыртылған мәні болуы мүмкін. Әрбір педагог балалармен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашанда қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Былайша айтқанда педагогтердің бірсыпырасының балаларды бағындыруға, олардың қарсылығын тойтаруға бағытталған үркітулері, жазалаулары, ақылгөйлігі, дауыс көтеруі, т.б. жақсы болмаса да әрине өзіндік тактикасы, бірақ ол әсте де педагогикалық әдеп бола алмайды. Педагог балаларына ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кеңпейілді, сак, әдепті болғанымен олармен қоян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. Оның ұйымдастырылған оқу-ызметтерінде тәртіпсіздік үстемдік етеді, балалар тапсырмаларды орындамайды, айтқан ақылды тыңдамайды, шынтуайтқа келгенде оны сыйламайды. Мұндай педагогті әдептілігі жоқ деп кінәлауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал тәсілдері қоры аз, ұйымдастыру мен жүйелілік мүлде жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда педагогтің мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

3.Тыңдалды:Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша Пед әдеп жөніндегі кеңес төрайымы Ш. Бахатаева Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. «Мұғалімге керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік», — деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтің жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі. Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзіреттілікті меңгерту – болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы. Егер педагог өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз оқытып отырған адамдар сыныпқа қызығушылық танытады, сонда ғана олар ұстаздарын есте сақтап, бағалап құрметтейді.

Сөз алды: Пед әдеп жөніндегі кеңес мүшесі Ш.Бахатаева Педагог тілі – балалардың сөйлеу тілін дамытудың негізгі көзі. Жас шамасына қарай әр сыныптағы балалар өз педагогтарымен шаруашылық-тұрмыстық және еңбек іс-әрекетінде қатынас жасайды. Педагог балалардың ойындарын ұйымдастырады, бағдарламада көрсетілген барлық сабақтарда балалармен сөйлеседі, кітап оқу кезінде балаларды көркем шығармалардың авторларының сөздерімен таныстырады. Демек, балалар тәрбиеленетін мекемелерде тілді дамыту потенциалының мүмкіндігі түгелімен педагогтың сөзінің сапасына байланысты. Педагог үшін үлгі сөйлеу тілін меңгеру – бұл кәсіби даярлығының көрсеткіші. Сондықтан өзінің сөйлеу тілін жетілдіру – болашақ әрбір педагогтың адамгершілік және қоғамдық парызы. Ол кейін балаларға берілетін тілдік дағдыларды жетік меңгеруге тиіс.

Шешім: ШЕШІМ:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын.
2. Педагогтің педагогикалық әдебін сақтауда педагогтің құқықтық сауаттылығын арттыру үшін, құқықтық шара өткізілсін.
3. Жас ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін арттыру үшін іс-шаралар өткізілсін.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрайымы :  Ш Бахатаева

Хатшы :  М Сербаева

**МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оқу жылындағы
педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№3 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: 14.01.2022ж

Мақсаты: Педагогтардың этика нормаларын сақтау мәдениетін көтеру

Төрайымы: Ш.Бахатаева

Хатшысы: М. Сербаева

Қатысқандар саны: 15

Б/б директоры : Р Игенбеква

Әдіскер : А Егембердиева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогтардың құқықтары
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары
3. Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау

1.Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрайымы Ш Бахатаева сөз алды. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы №645 қаулысы бойынша «Педагог мәртебесі туралы» Заңының педагог құқықтары бойынша айтылған тармақтарын атап өтті. Педагог өзінің кәсіби қызметінде: 1) білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау жағдайында педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға; 2) лауазымды және басқа да адамдардың оның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соғатын кәсіби қызметіне араласуынан қорғауға 3) өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға; 4) кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және қажетті жағдайлар жасауға; 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге; 6) шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламаларын әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға; 7) оқу құралдарын, материалдарды және білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға; 8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді және оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға; 9) жұмыс орны бойынша сайлануға және сайланбалы лауазымды атқаруға; 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға; 11) білім беру ұйымының алқалы басқару органдарының, әдістемелік бірлестіктері мен кеңестерінің, өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға;

12) бес жылда кемінде бір рет біліктілігін арттыруға; 13) үздіксіз кәсіби дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға; 14) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтерін қоспағанда, мерзімінен бұрын біліктілік санатын алуға; 15) ұйымдардағы кітапхананы және ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, сондай-ақ ақпараттық-телекоммуникациялық желілер мен деректер базасына, оқу және әдістемелік материалдарға, кәсіби қызметті сапалы жүзеге асыруға қажетті білім беру қызметін қамтамасыз етудің материалдық-техникалық құралдарына қол жеткізуге; 16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысандарда және тәртіппен қоғамдық кәсіптік ұйымдарға бірігуге; 17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке; 18) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге; 19) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға; 20) педагогикалық әдеп нормалары бұзылған жағдайда Педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес әділ және объективті қызметтік тергеп-тексеруге; 21) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіби дағдыларды қолдау және арттыру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге; 22) өзіне қатысты қабылданатын білім беру ұйымы басшысының актілеріне, әрекеттері мен шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға; 23) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне; 24) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар. 8-бап. Педагогтің материалдық қамтамасыз етуге құқығы 9-бап. Педагогтің көтермелеуге құқығы

2.Тыңдалды:Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша, пед әдеп жөніндегі кеңес мүшесі А.Алтынбекова Педагог тек мұғалім, тренер, тәрбиеші ғана емес, сонымен қатар халық ағартушысы, мәдени құндылықтардың сақтаушысы, лайықты білімді адам. Педагог қоғамдастықтың барлық салаларында өзара әрекеттесудің дұрыс қалыптасуына үлес қосуға тырысады. Педагог жеке өмірде ғана емес, қоғамдық өмірде де жанжалдан, керісуден, аулақ болады. Ол проблемаларды, келіспеушіліктерді болжауға және шешуге бәрінен гөрі дайын, және ол оларды шешудің жолдарын табады. Педагог өзінің азаматтық борышын, әлеуметтік рөлін жақсы түсінеді және орындайды, ерекшеленуден аулақ болады, сонымен бірге ол кез-келген таныс емес ортаға түсіп, онымен қосыла кетуден аулақ болу тиіс.

3. Тыңдалды:Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша Пед әдеп жөніндегі кеңес төрайымы Ш. Бахатаева Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша құрылған Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мұғалімнің мәртебесі туралы» заңдарына, осы Ережеге, басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділеттілік, этика, қоғамдық пікір мен ашықтықты ескеруі тиіс. Жеке және заңды тұлғалар мұғалімдердің педагогикалық этиканы сақтауына қатысты білім беру ұйымының Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне жүгіне алады.

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселесін қарастыру кезінде мұғалімнің құқықтары қарастырылып отырған мәселе туралы жазбаша ақпарат алу; қарастырылып отырған мәселе бойынша барлық материалдармен танысу; өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен жеке өзі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өкіл арқылы қорғау; жазбаша шешім алу; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданған шешімге шағымдану құқықтарына ие.

Сөз алды: Пед әдеп жөніндегі кеңес мүшесі М Қылшынбетова Қандай да бір мәселе туындаған жағдайда, қазір бәріне мүмкін екен деп бірден жоғары органдарға шығып жатады. Әлеуметтік желілерде, ютуб каналдарында видео үндеу жасап жатады. Әрине оған себеп те бар шығар. Алайда ең алдымен мәселе сол жерде шешілу керек. Балабақшамызда кәсіподақ бар, пед әдеп жөніндегі кеңес бар. Мәселе шешусіз қалмауы керек.

Шешім: ШЕШІМ:

- 1.Берілген ақпаратты ескере отырып, әрі қарай жұмыстар жалғасын тапсын.
- 2.Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары қатаң сақталсын.
- 3.Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрайымы :  Ш.Бахатаева

Хатшы :  М Сербаева

**МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оқу жылындағы
педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 4 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: 11.03.2022ж

Мақсаты: Педагогтардың этика нормаларын сақтау мәдениетін көтеру

Төрайымы: Ш. Бахатаева

Хатшысы: М Сербаева

Қатысқандар саны: 15

б/б директоры : Р Игенбекова

Әдіскер : А Егембердиева

КҮН ТӘРТІБІ:

1 Педагог бейнесі

2 Өзіңді өзің тәрбиелеу жолдары

3 Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары

1.Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрайымы: Ш Бахатаева сөз алды. Қоғам дамуы мен адамның жеке басының дамуы бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғам адамды қаншалықты дәрежеде жетілдірсе, жетілген адам қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Тәрбиесіз қоғам қоғам болудан, адам адам болудан қалады. Материалдық және рухани байлық жасап, қоғамды дамытатын-адамдар. Ал, адамдарды соған дайындап, тәрбиелейтін-ұстаздар. Олай болса, мұғалім-қоғам мен қоғамды, ғасыр мен ғасырды жалғастыратын буын. Тарихты жасайтын-халық, халықтың көзін ашып, көңілін оятатын, саяси

қырағылыққа, сенімділікке, адамгершілікке, ізгілікке, имандылыққа, бауырмалдыққа, Отаншылдыққа, азаматтыққа баулитын тәрбиеші-ұстаз. Қай кезде болса да алдыңғы қатарлы ойшыл адамдар тәрбиеші еңбегін жоғары бағалап, оның қоғамдағы рөлін құрметті де маңызды деп санаған. Бұл жөнінде К.Д. Ушинский: "...тәрбиеші өзін өткен мен болашақтың арасында тірі дәнекермін, шындық пен жақсылықтың күдіретті жауынгерімін деп біледі және ол өз ісінің сырт қарағанда қарапайым екендігін, бірақ тарихтың ұлы істерінің бірі екендігін, бұл істен көптеген ұрпақтар нәр алатынын түсіндіреді" деп жазды. Еңбектеген баладан ғұлама ғалымға дейін ұстаз алдынан өтеді. Мемлекет қайраткерлері де тәрбиеші-педагогтерден тәлім-тәрбие алады. Педагог адамзат қоғамы жасап шығарған байлықты жас ұрпаққа үнемі сіңіріп отырады. Тәрбиеші-ұстаздың адам өміріндегі рөлі туралы халқымыздың классик ақыны Абай: Ақырын жүріп анық бос, Еңбегін кетпес далаға, Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға... десе, славянның ұлы педагогы Ян Амос Коменский: "Мұғалімнің атқаратын қызметі өте құрметті. Әрі тамашалығы соншалық, күн астында мұндай қызмет жоқ"-деп бағалаған. Балалар әдебиетінің атасы Ы. Алтынсарин: "Балалармен: қысқа, ашуланбай, байсалды сөйлесу, әрбір пәнді бар пейілмен және қарапайым тілмен, екі ұшты мағыналы сөздерсіз әрі қатесіз, терминдерді араластырмай түсіндіру керек", -деп кеңес берсе, М. Горький

балаларды бала тәрбиесіне бейім адам,төзімділікпен,байыптылықпен жұмыс істей білетін адам тәрбиелеуі керек деген.Нағыз тәрбиеші деп уақытын балалармен өткізуден жалықпайтын,оларға қызық әңгімелер мен ертегілер айтып бере білетін,кеме,ұшақ жасап бере алатын,олармен бірге жүріп,тас коллекциялар мен гербарийлер жинай алатын,оларға жұлдыздың құрылысын түсіндіріп бере алатын,оларға мылтық атуды,жүзуді үйрете алатын үлкендерді айтады.Жазушының ойынша тәрбиеші жан-жақты жетілген,білімді,бәрі де қолынан келетін "сегіз қырлы,бір сырлы",өз ісінің шебері болуы керек. Қазақтың ғұлама ғалымы Әл-Фараби "Жаман мінез-құлық рухани кесел" десе,Жүсіпбек Аймауытов "...Дәрігерден де тәрбиешінің көп болғаны артық,дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса,тәрбиеші адамның ақылын,мінезін,жанын сауықтырады",-деген. Міне осы ойшылдардан асып, тәрбиешінің бейнесін сөзбен жеткізе алмаспыз. Тәрбиеші-ұжым мүшесі,оның педагогтық шеберлігі,жеке қасиеттері ұжымда көрінеді.Мектепке дейінгі ұйым мақсаты мен міндеті арқылы ұжым шығармашылығын дамытуға,тәрбие тиімділігін арттыруға,әр педагогтың моральдық бейнесі мен педагогикалық шеберлігін жетілдіруге көмектеседі.Тәрбиеші өз міндеті мен жауапкершілігін түсінетін,мақсат қоя білетін,табанды,өзіне сын көзбен қарайтын педагог болуы тиіс.Сондай-ақ мектепке дейінгі балалармен жұмыс істеу үшін ән айтып,би билеу,сәнді қимылдау,дұрыс сөйлеу,көркем шығарма оқу маңызды.-деп айтып өтті өз баяндамасында.

2.Тыңдалды:Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша, пед әдеп жөніндегі кеңес мүшесі А.Алтынбекқызы Өзінді-өзің тәрбиелеу оңай дүние емес екені бәрімізге мәлім. Алайда, бар ынтаңды салсаң, кез келген мақсатқа жету мүмкін екені сөзсіз. Дәл осы мақсатқа жету мынадай кезеңдер арқылы өтеді:Алғашқы кезең – шешім қабылдау. Кез келген нәрсе қатаң шешім қабылданған соң басталады. Бұл кезеңде сондай-ақ адам өзіне белгілі бір үлгі табу, яғни, өз-өзінді тәрбиелеудің нәтижесі қандай болу керек екендігін нақты белгілеп алу. Өзіндік танымы мен қоршаған ортаның әсерінен адам өзіне үлгі құрады екен. Кейде адам өзінің болашақта болғысы келетін абстрактылы бейне ойлап табады. Идеал – белгілі бір адам бейнесінде немесе нақты бір шарттар (сыртқы келбет, сөйлеу мәнері, адамдық қасиеттер) арқылы белгіленеді.Үшінші кезең – амал-тәсілдер тандау және жоспар құру. Адам өзгеру жолдарын, әдістерін және өзін-өзі тәрбиелеу амалдарын тандауға үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс. Кейбір амалдар адамның өзіндік ерекше қасиеттеріне, оның айналысатын қызметі мен білімі саласына сәйкес болады. Сондай-ақ осы кезеңде адам өзін-өзі тәрбиелеу мақсатына жету үшін өзіндік ұстанымдарын құруы керек. Мысалы, адамның белгілі бір жағдайда қабылдаған шешімдеріне қарап, оның қандай өзіндік ұстанымдары бар екенін аңғаруға болады. Мұратыңызға жетудің жолдары, амал-тәсілдері және ұстанымдарыңыз өзіңізді тәрбиелеудің жоспарын құрғанға саналады. Соңғы кезең – жоспарларды жүзеге асыру. Дәлірек айтқанда, алдын ала анықталған тәсілдерді белсенді түрде тәжірибе жүзінде іске асыру. Айтпақшы, жоспарыңыз нақты белгілі бір мерзімге белгіленуі қажет. Яғни, бір ай немесе бір жылда сіз "мынадай" нәтижеге ие болуыңыз керек. Ақырғы айтатынымыз, әрбір кезеңнің қорытындысын шығарып отырыңыз. Өзіңіздің қойған мақсаттарыңызға жете алдыңыз ба, қанша уақыт кетті, қандай әдістер арқылы жеттіңіз, осының барлығын қорытындылаудың арқасында жаңа мақсаттарға жету жеңілірек болады.

3. Тыңдалды: Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша Пед әдеп жөніндегі кеңес төрайым орынбасары Н.Сейдалимова Ұстаз – балабақша тұтқасы. Әлеуметтік желілердің пайда болғанына 10 жылдан асты. Алайда адамдар әлеуметтік желіде әдепсіздік танытып жатады. Әлеуметтік желідегі әдеп жайлы әңгімелейміз. Біріміз біреуге таңғы 9-ға дейін және кешкі 10-нан кейін телефон шалуға болмайтынын білеміз. Бірақ әлеуметтік желіде күннің де, түннің де кез келген уағында жаза саламыз. Көбіміз түнгі 2-де «таңертең оқиды ғой» деп жазамыз. Ал әлгі адамның телефоны шыр етіп, жаңа хат келгенін хабарлайды. Ұйқысы төрт бөлініп, сізге ызаланып, негативті көңіл-күйде ұйықтап қалады. Тіпті жақын достарыңызға да түн ортасында жазбағаныңыз абзал. Өз парақшаңызда біреумен бірге түскен суретті жариялау барысында досыңызды тіркемес бұрын рұқсат сұраңыз. Егер ол суретте өзін келбетсіз деп санаса, өз лентасында көргісі келмейтіні анық. Сол себепті біреудің суретін салу мен біреуді суретте тіркемес бұрын міндетті түрде рұқсатын алыңыз. Достар қатарында бар адамдармен амандасып жүріңіз. Егер амандасқыңыз келмесе, ол қатарға қоспаңыз. Егер сізді әлеуметтік желіде достар қатарына қосса, оған әртүрлі себеппен тиісіп, ойнап, мазақ қылудан аулақ болыңыз. Вконтакте-дегі дос шын өмірдегі дос секілді сіздің ойыныңызды көтере бермейді. Әлеуметтік желіде адамдар бір-біріне «сен, сен» деуге дағдыланып кеткен. Тіпті спам, жарнама таратушылардың өзі де «сізді» қойып, «сен» деуге көшкен. Жасы, жынысы, қоғамдық статусына қарамастан, кез келген адамға «сіз» деп сөйлеуіңіз керек екенін ұмытпаңыз. Екі жақты «сен» деуге келіскен кезде ғана, диалогтың жаңа деңгейіне көшуіңізге болады. Біреумен кездесу, тілдесу барысында телефоныңыздың дауысын не хабарлау функциясын өшіріп қойыңыз. Әрине, бір нәрсемен айналысу не бір адаммен сөйлесу барысында телефон «ызындап», хаттар келіп жатқанын тоқтаусыз хабарлап жатады. Бұл — заңдылық. Алайда, әңгіменің шырқын бұзып, смартфонға кіріп кетіп, хаттарға жауап жазу — сұхбаттасушыңызды құрметтемеуіңіздің белгісі.

Сөз алды: Пед әдеп жөніндегі кеңес мүшесі Аханбаева.Г Осыған дейін де айтқанымыздай, қазір педагогтардың парақшалары жетерлік. Парақшаларға тіркелерде мұқият танысып алыңыздар. Жарияланымдарға коментарии жазарда саралап, даралап, ақ-қарасын анықтап барып жазыңыздар.

ШЕШІМ:

1. Педагогтың әдеп нормаларын сақтау жандандырылсын.
2. Педагогтардың өзін-өзі тәрбиелеудің өзіндік бағдары жасалынып, мекеменің психологімен бірлесе жұмыс жүргізілсін.
3. Педагогтарды әлеуметтік желілерде отырудың жалпы әдебін сақтасын.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрайымы:  Ш.Бахатаева

Хатшы:  М.Сербаева